

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 245 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 маусымда № 2654 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жамбыл ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қосымшаға сәйкес 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Үміткен Қапанқызы Наймановаға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Дәулет

Жамбыл ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 29 сәуірдегі
№245 қаулысына қосымша

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын),оның ішінде қаржыландыратын		Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөдшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)
		Республикалы нысаналы трансферттер есебінен (орын)	Жергілікті бюджет есебінен (орын)	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Жергілікті Бюджет есебінен (теңге)	
1	Балабақшалар	1 4 9 0	7 2 5	2 1 5 0 0	21500	5 5 0 0
2	Шағын орталықтар	7 7 5	2 0 0	1 0 9 0 5	10905	4 5 0 0